Соңғы жылдардың ішінде Қазақстанда 200 мыңдай шағын және орта бизнес кәсіпорындары пайда болды. Ауыл шаруашылығында 1,3 миллиондай фермер өсіп шықты.

Елімізде сөз бен баспасөз бостандығы, дін босандығы, тағы басқа демократиялық істер жүзеге асырылды. Елдегі барлық халықтар үшін тең даму қамтамасыз етілді.

Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты кітабында көрсетілген мінеттер жүзеге асырылуда.

Еліміздің алдағы дамуы «Қазақстан – 2030» атты ұзақ мерзімді бағдарламасында айқындалды. Әрине, бәрі де халық игілігі үшін жасалып жатыр.

Тапсырмалар:

- 1. Мәтінді оқып, аударыныз.
- **2.** Мына сөздерге және сөз тіркестеріне назар аударып, жаттаныз.

этностық құрамы	этнический состав
халық санағы	по переписи населения
бойынша	
бірте - бірте ыдырау	постепенный распад,
	распадаться
ұлт өкілдері	представители
	национальностей
абиғи өсім	естественный прирост
халықтың орташа	средняя плотность
тығыздыгы	населения
көші-қонның өсуі	прирост миграции
алғашқы (соңғы)	в первые (последние)
жылдары	годы

алыс және жақын ближнее и дальнее **шет елдер** зарубежье

3. Мына сөйлемдерге керекті сөздерді қолданыныз.

Біздің елімізде көптеген халықтардың... тату-тәтті өмір сүреді. Қазақстанның негізгі ... қазақтар. Қазақстан жерін мекендейтін орыс, украин, белорус, өзбек, кәріс, ұйғыр т.б. ұлт өкілдері елімізді ..., қорғайды, табиғатын гүлдендіру үшін....

Керекті сөздер: жақсы көру, халық, сақтау, өкілдері, еңбек ету, қызмет атқару.

- **4.** Мәтінге сұрақтар құрастырып, жауап беріңіз.
- **5.** Берілген сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріңіз, сөйлем құрастырыңыз.

Бет бұрды, дамыту, жүзеге асырылуда, фермерлер өсіп шықты, бағдарламасында айқындалды.

- **6.** Синонимдерді есте сақтаңыз. Мәтіндегі сөйлемдерден табыңыз. Өз сөйлемдеріңізді құрастырыңыз.
 - а) мезгіл, мерзім, маусым, кезең, уақыт
 - ә) бірлік, ынтымақ, достастық
 - б) бостандық, еркіндік, азаттық
- 7. Мақал мәтелдерді жаттаңыз. Осы тақырып бойынша тағы қандай мақал мәтелдерді білесіз, толықтырыныз.

Жері байдың – елі бай.

Еңбек – адамның екінші анасы.

Казак деген халыкпыз

Қазақстан Республикасы – көпұлтты, егеменді, тәуелсіз мемлекет.

1991 жылы 16 желтоқсан еліміздің тарихында алтын әріптермен жазылған. Бұл күні Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет болып жарияланды.

1992 жылғы маусымның 4 – інде Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттік Елтаңбасы мен мемлекеттік Туы бекітілді. Осы жылдың 10 желтоқсанында мемлекеттік Әнұран бекітілді. 2006 жылы Әнұранның жаңа мәтіні кабылланды.

1997 жылдың 10 желтоқсанында Қазақстанның астанасы Ақмола қаласына көшірілді. 1998 жылы 6 мамырында Ақмола қаласының атауы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Астана деп өзгертілді. Астанаеліміздін бас қаласы.

Тәуелсіз Қазақстанның тұнғыш Президент – Н.Ә. Назарбаев.

Біздің еліміздің өз мемлекеттік мерекелері бар: 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні, 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні, 22 қыркүйек – Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күні.

Тапсырмалар:

- 1. Мәтінді оқып, аударыңыз.
- **2.** Мәтін мазмұнын еске түсіре отырып, келесі сөздердің аудармасын дәптеріңізге жазып алыңыз да жаттаңыз.

копұлтты — многонациональный егеменді — суверенный тәуелсіз — независимый рәміз — символика ресми — официальный тұңғыш — первый жариялау — провозглашать

- **3.** Мәтінді еске түсіре отырып, сөйлемдегі айтылған ойға «иә» немесе «жоқ» деп жауап беріңіз.
- 1. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін 16 желтоқсанда жариялады.
- 2. Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттік Елтаңбасы мен мемлекеттік Туы 1992 жылы 4 маусымда бекітілді.
- 3. Қазақстанның астанасы Ақмола қаласына 1997 жылдың 10 желтоқсанында кошіріді.
- 4. Ақмола қаласының атауы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен 1998 жылы 6 мамырда Астана деп өзгертілді.
 - 5. Астана еліміздің оңтүстік астанасы.
- 6. Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның тұңғыш Президенті.
- **4.** Мәтін бойынша келесі сөйлемдерді аяқтаңыз және жазып алыңыз.
- **5.** Орысша берілген сөйлемдерді аудара отырып, келесі диалогке қатысыңыз.
- Ғафу етіңіз! Сіздің туған жеріңіз қай жер?
 - Моя родина Республика Казахстан.
 - Қазақстан қандай мемлекет?
 - Казахстан независимое государство.

- Айтыңызшы, 1991 жылы 16 желтоқсанда қандай оқиға болды?
- В 1991 году 16 декабря Казахстан был провозглашен независимым государством.
 - Еліміздің бас қаласы қандай қала?
- Астана является столицей нашей страны.
- Кешіріңіз, Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттік рәміздері қашан бекітілді?
- Новые государственные символы Республики Казахстан были утверждены в 1992 году.
 - Сіз туған жеріңізді жақсы көресіз бе?
 - Да, я люблю свою Родину.
 - 6. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыныз.
- В истории нашей страны 16 декабря 1991 года пишется золотыми буквами.

Этот день в Республике Казахстан был провозглашен Днем независимого государства.

В этот же год также был утвержден Государственный Гимн.

В нашей стране есть свои государственные праздники: 16 декабря — День Независимости Республики Казахстан, 30 августа — День Конституции Республики Казахстан, 22 сентября — День языка народов Республики Казахстан.

4 июня 1992 года были утверждены новый Государственный Флаг и Государственный Герб Республики Казахстан.

7. Өлеңді жаттап алуға тырысыңыз.

Казак осы

Қ. Мырза Әли

Жайлауында жүрген жігіт бағып қой, Дос келді деп жасап жатыр анық той. Алғашқы рет көріп тұрсың сен оны, Нағыз қазақ осы, міне, танып қой. Сәйгүліктің құйрық жалы таралған, Сүйетұғын қазақ осы, қараңдар. Қазақ осы күй шығарып, ән салып, Көкпар тартып, қыз қууға жаралған. Қазақ осы ашық жарқын қабағы, Қонақ келсе, шабылып бір қалады. Байқа да тұр, саған да ол кетерде, Ат мінгізіп, жібек шапан жабады.

Қазақ-қонақжай халық

Қазақ халқы – ежелден қонақ десе ішкен асын жерге қоятын халық. Үй иесі бұрын танысын, танымасын «Құдайы қонақпын» десе болды, жылы шыраймен қарсы алып отырған. Жол жүріп келе жатқан жолаушы «бөлінбеген

еншім бар» деп, жолшыбай ауылдың кез келген үйіне түсіп, қонақ бола берген. Оның үстіне қазақта «қырықтың бірі қыдыр», «қонақты қусаң — құт ырыс қашады», «қонақпен еріп құт, ырыс келеді» деген мәтелдер бар. Сөйтіп, бөлінбейтін еншіге қиянат жасауға болмайды. Бір қызығы алты аласы, бес бересі болмаса да қонақ үй иесі тойдырмаса, күтпесе, аттана бере жамандап кететін болған. Қазақ үшін мұны есту ұят, бетке шіркеу болған. Сондықтан халқымыз қонақты қарсы алу, шығарып салуға ерекше мән берген.

Қонақты үй иесі қарсы алып, есікті өзі ашып, үйге енгізіп, соңынан өзі кіріп есікті жабады. Бұл-қонақпен еріп келген «құт», «ырыс» бірге кірсін дегені. Ал қонақты шығарып саларда, есікті қонақтарға аштырып, соңынан өзі жауып шығатын болған. Осы күнгідей қонақтарға есікті ашып, іштен жауып алу деген болмаған.

Қазақ халқы қонақтарды «арнайы қонақ», «құдайы қонақ» (жолаушылап келе жатып түстеніп не бір күн түнеп шығатын қонақ), «қыдырма қонақ» (алыстағы ағайын, туған — туыстарын арнайы іздеп келіп бір немесе бірнеше күн олардың сый-құрметін көріп қайтатын қонақ), «қылғыма қонақ» (қай үйден түтін шықса, қай үйге қонақ келсе, соны аңдып жүріп келе қалатын сүйкімсіз қонақ) деп бөлген.

Келген қонақтармен жөн сұрасқаннан кейін үй иесі қонағына ең жақсы тамақтарын беріп, риза етуге тырысады. Ең алдымен қонақарға сусын (қымыз, шұбат және басқа) беріледі. Содан кейін шай ішіледі. Шайды дәмділеп құю, қонақтарға орнымен сый-сыяпат көрсету сол үйдегі әйелдер мен бойжеткен қызға үлкен сын болған. Шайды дәмділеп құйып бере алмаған бойжеткен қыз тәрбиесіз саналып әңгімеге ұшыраған.

Шай ішілген соң асқа дейін қонақтардың көңілді отыруына, яғни олардың бабын табуға үй иесі бар жағдайды жасайды. Ол үшін үй иесі әңгіме-дүкен құрып, қонақпен бірге отырады. Реті келсе, ауылдағы әнші, күйшілерді шақыртып, әңгіме арасында қонақтардың көңілін көтереді.

Үй иесінің балалары да аяғынан тік тұрып қонақтарға қызмет көрсетеді. Қонақ күту –халқымыздың ең жауапты ісі.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, аударыңыз, сұрақтар құрастырып, мазмұдауға тырысыңыз.

2. Мына сөздер мен сөз тіркестерін аударыныз, есте сақтаныз.

Ежелден, қонақжай, қонақ, үй иесі, жылы шырай, қарсы алу, ұят, шығарып салу, ерекше мән беру, жөн сұрасу, сусын беру, шай ішу, қонақтардың көңілді отыруы, дәмділеп құю, сый-сыяпат көрсету, ең жауапты іс, қонақ күту.

- **3.** Бірінші абзацтан жіктік, тәуелдік, септік жалғаулары бар сөздерді тауып, талдау жасаныз.
- **4.** Үлгі бойынша «Қонаққа шақыру» диалогін құрастырыңыз.

Мұрат Сабырұлы: Құрметті ханымдар, бүін біздің шаңырағымыздың қадірменді қонағы болуларыңызды сұраймын.

Айман ханым: Мұрат, демек, сіз бізді қонаққа шақырасыз ғой?

Мұрат Сабырұлы: Иә, үйіме қонаққа шақырамын.

Сара ханым: Мұрат, біз Айман екеуіміз міндетті түрде келеміз.

Айман ханым: Үйіңіз қай көшеде орналасқан?

Мұрат Сабырұлы: Мекен – жайым: Абай даңғылы, үшінші үй, он алтыншы пәтер.

5. Мына сөздер мен сөз тіркестерін аударып, мәнін түсіндіріңіз.

«Қонақасы», «қонақаяқ», «сый аяқ», «қонақ кәде», «кұдайы қонақ», «бөлінбеген еншім бар», «қырықтың бірі қыдыр», «қонақты қусаң — құт ырыс қашады», «қонақпен еріп құт, ырыс келеді», «құт», «ырыс», «арнайы қонақ», «құдайы қонақ», «қыдырма қонақ» «қылғыма қонақ».

6. Диалогті оқып, аударыңыз. Отбасыңызда қонақты қалай қарсы алатыны туралы әңгімелеңіз және «Қырықтың бірі қыдыр», «Қонақты қусаң — құт ырыс қашады», «Қонақпен еріп құт, ырыс келеді» деген сөздерді қалай түсінгеніңізді айтыңыз.

Мұрат Сабырұлының үйінде

Мұрат Сабырұлы: Төрге шығыңыз. Айман, Сара танысыңыз, мына кісі менің жұбайым. Есімі – Әсел.

Айман ханым: Әсел, танысқаныма өте куаныштымын.

Әсел ханым: Мен де қуаныштымын. Та-мақтан алып отырыңыздар.

Сара ханым: Тамақтарыңыз өте дәмді екен.

Әсел ханым: Ас болсын!

Сара ханым: Әсел, сіз де келесіде біздің қалаға келіңіз, қонақ қыламыз, қыдыртамыз.

Әсел ханым: Жақсы, рахмет, уақытым болып жатса, баруға тырысамын.

Айман ханым: Мұрат, Әсел, сіздерге көп рахмет. Өте көңілді отырдық, біз кетейік.

Мұрат Сабырұлы: Үйімізді енді білесіздер. Қостанайға келгенде, соғып тұрыныздар.

Сара ханым: Сый – құрметіңізге рахмет. Сіздер де бізге қонаққа келіңіздер.

Айман ханым: Сау болыңыздар!

7. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

Уважаемые друзья, приглашаю вас сегодня в гости. Мой дом расположен на проспекте Абая. Проходите на почетное место. Айман, Сара, это моя жена. Ее зовут Әсел. Теперь наш дом вам знаком. Значит, Вы приглашаете нас в гости? Где находится Ваш дом? Блюда очень вкусные. Мурат, Асель, большое спасибо. Мы с Айман обязательно придем. Приезжайте к нам в город, будете нашими гостями. Конечно, мы вас ждем.

- **8**. Төмендегі «қонақ» сөзіне байланысты мақал мәтелдерді есте сақтаңыз.
- 1. Қонақ қойдан жуас.
- 2. Қонағым өз үйінді де ойлай отыр.
- 3. Қонаққа бара білсең, шақыра да біл.
- 4. Қонақ бір күн қонса құт, екі күн қонса жұт.

- 5. Қонағы жаман болса, үй иесі қыдырады.
- 6. Құтты қонақ келсе, қой егіз табады.
- 7. Қонағын сүймеген баласын ұрады, не үйін сыпырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Белғара Б.Б., Құрманова Н.Ж. Жаңа толқын. Мемлекеттік тілді жеделдете оқыту оқу әдістемелік кешені. Астана, 2007. 210 б. І; ІІ; ІІІ деңгей.
- 2 Сейдімбеков А.С. Қазақ тілі. Алматы: «Болашақ», 2009. 132 б.
- 3 Қ Қалынбаева. Тәуелсіздік белгілері» // Қазақ тілін үйренейік : журналы. Қарағанда. 2008. № 10 (42). 14-15 б
- 4 Құрманбай Г. Елжандылыққа тәрбиелеу сабақтары. Ғылыми-педагогикалық басылым // Қазақ тілі мен әдебиеті. 2010. № 7. 62-74 б.

Резюме

Статья посвящена актуальным проблемам обучения государственному языку студентов неязыковых специальностей. Автором прослеживается тесная взаимосвязь обучения и патриотического воспитания.

Conclusion

The article is devoted to the research of the topical problem of teaching the state language for the students of non-linguistic faculties. On the example of one lesson the author distinguishes the interaction of teaching and their bringing-up.

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫ

Атжанова Н.Е.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді меңгеру өзекті мәселенің бірі екендігі баршаға мәлім. Осыған орай қазақ тілін оқыту ісіне қойылатын талап та күннен күнге жоғарылап келеді. Сондықтан жоғары оқу орнына келген білім алушыларды қазақ тілі сабағында өз мамандықтарына бейімдей отырып, тіл үйрету — қазақ тілі оқытушысының басты міндеті. Өз мамандықтарына бейімдей оқытудағы негізгі мақсат — болашақ маманға кәсіби терминдерді үйретіп, сөздік қорын байытып, оны келешекте қызмет барысында қолдануға, өз ісін жетік меңгерген маман болуға септігін тигізу.

Орыс тілді дәрісханада кәсіптік қазақ тілін оқытудағы өзекті мәселелердің бірі – студенттердің тіл бойынша білім дәрежелерінің әр түрлілігі. Осылайша әр түрлі мектептен қа-

зақ тілі бойынша түрлі деңгейде білімі бар оқушылар, бір топқа жиналады. Солардың бес-алтауының сөздік қорлары қажетті деңгейде болса, көпшілігі қазақ тілінде екі сөздің басын құрап айта алмайды. Оқытушы тіл білмейтін оқушылармен қайтадан фонетиканы бастауды да, білімі жақсы студенттердің тілін одан әрі жетілдірумен де айналысады.

Әрине, тілдік емес топтар болғандықтан ең басты мақсатымыз – студенттердің сөйлеу тілін дамыту, ауызекі сөйлеу, сұрақты сауатты қойып, өзіне берілген сұраққа толық жауап беруін жетілдіру. Осыған орай студенттер ең алдымен сөздерді бір-бірімен байланыстыратын қосымшаларды, сөздердің сөйлемдегі орын тәртібі мен сөйлемдердің жасалу жолдарын меңгерулері қажет.

Жоғарыда айтылып кеткендей, қазақ тілін өз мамандықтарына бейімдей оқытуда кәсіптік қазақ тіліне байланысты оқулықтардың тапшылығы. Осыған орай тиімді тәсілдердің бірі – белгілі бір ғылыми ұғымды ассоциациялық байланыста түсіндіру, түбірлес сөздермен салыстырып талдау.

Мамандықты игеру дегеніміз таңдап алған мамандығы бойынша терең және жанжақты білім алу, алған теориялық білімін практикада іске асыруды үйрену, мамандыққа керекті дағдыларды қалыптастыру. Осы орайда жоғары оқу орнында мемлекеттік тілді үйретудің негізгі мақсаты — мамандық бойынша кәсіби терминдерді меңгерту, төл мәтіннен ықшамдалған таным-тәрбиелік мәтіндер негізінде білімін тереңдету, күнделікті тұрмыстіршілікте және келешекте атқаратын қызметінде университет қабырғасында алған білімін іске асыра алуын қамтамасыз ету.

Мемлекетіміздің болашақ мамандарына, әсіресе мемлекеттік тілді меңгеріп жүрген студенттерге, олардың толыққанды білім алып шығуына, ұлтымыздың ақыл-зердесінің көтерілуіне сапалы оқулықтар, оқу құралдары, кітаптардың алар орны ерекше. Біліктілік біліммен тығыз байланысты екенін біле отыра, жан-жақты сапалы білім беру үшін оқытуға ізденістер енгізіп, аз да болса өз үлесімізді тигізудеміз деп ойлаймыз.

Осы орайда болашақ заңгерлерге кәсіптік бағдар беретін қазақ тілі сабағының бір үлгісін келтіруді жөн санадық.

Қылмыстық кодекс туралы

Заң дегеніміз – жалпы мемлекеттік өкіметтің өкілетті органы ерекше тәртіппен қабылдаған, мейлінше маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, жоғары заңды күші бар акт.

Қылмыстық заң – мемлекеттік өкіметтің жоғарғы өкілетті органы қабылдаған әрекеттердің қылмыстылық пен жазаға жататынын анықтайтын нормативтік акт.

«Қылмыстық заң» термині заң мен заң актілерінде, соның ішінде қылмыстық іс жүргізу заңында жиі қолданылады.

Қылмыстық заң қылмыстық құқықтың бірден-бір қайнар көзі болып саналады.

Қылмыстық заңның ең басты заңды негізі болып, Қазақстан Республикасының Конституциясы саналады. Қылмыстық заңның Жалпы және Ерекше бөлімдерінің мәселелерін

қамтитын құжат қылмыстық Кодекс болып саналалы.

Қылмыстық құқықта қылмысқа қатысушылар, орындаушылар, ұйымдастырушылар, айдап салушылар және көмектесушілер деп бөлінеді. Қылмысқа қатысушылардың түрлері және олардың әрқайсысына заңдылық сипаттама ҚҚ-тің 28-бабында көрсетілген.

Қылмысты тікелей жасаған немесе оны жасауға басқа адамдармен (қоса орындаушыларды) бірге тікелей қатысқан адам орындаушы деп аталады. Орындаушы қылмысты жеке өзі немесе басқа адамдармен орындап, тікелей жүзеге асыруы мүмкін. Есі дұрыс емес адамдарды кісі өлтіруге пайдаланса, онда оны пайдаланған адамның өзі орындаушы, ал есі дұрыс емес адам қылмыс істеудің құралы болып табылады. Орындаушы қылмысты қасақана жүзеге асырушы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 37-бабында былай айтылған: "Өз үшін міндетті бұйрықты немесе өкімді орындау жөнінде іс-әрекет жасаған адамның осы кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіруі қылмыс болып табылмайды. Мұндай зиян келтіргені үшін заңсыз бұйрық немесе өкім берген адам қылмыстық жауапқа тартылады.

Көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындау үшін қасақана қылмыс жасаған адам жалпы негіздерде қылмыстық жауапқа тартылады. Көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындау қылмыстық жауаптылыққа ұшыратпайды".

Бағыныштағы адамдардың бастықтың бұйрығын немесе өкімін орындау арқылы қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтірудің заңдылығын бағалау мәселесі тәжірибеде жиі кездесетін жәйт. Ол әсіресе қызметкерлердің, ішкі істер органдарды мен полиция қызметкерлерінің, кеден қызметі мен басқа да мемлекеттік санаттағы қызметкерлер арасында болып тұрады.

Тапсырмалар:

- 1. Мәтінді оқыңыз, аударыңыз.
- 2. Сөздік қорын толтырыңыз. Сөздерді жаттаңыз.

өкілетті – уполномоченный қылмыстық заң – уголовный закон қамту – обеспечивать кылмыска катысушылар – участы

қылмысқа қатысушылар – участники преступления

орындаушылар – исполнители

ұйымдастырушылар – организаторы айдап салушылар – подстрекатели көмектесушілер – помощники, посредники.


міндетті бұйрықтар – обязательные приказы

өкімді орындау – выполнение распоряжения

зиян – вред

бағыныштағы адамдар – подчиненные мәселе – проблема, вопрос тәжірибе – опыт

- 1. Заң туралы ережені жаттаңыз.
- 2. Мәтіннен дара және күрделі сын есімдерді тауып, астын сызыңыз.
- 3. Мәтінді мазмұндау үшін сұрақтар құрыңыз.
- 4. Сөйлемдерден пысықтауыштың түрін анықтаңыз, сұрақтарын қойыңыз.
- 5. Мәтіннен толықтауыштарды тауып, сұрағын, тұлғаларын түсіндіріңіз.
- 6. Құрастырылған сұрақтар бойынша мәтіннің мазмұнын айтып беріңіз.
 - 7. Мына диаграмманы толтырыңыз.



Учаскелік инспектордың қызметі

Учаскелік инспектордың қызметі **құқық қорғау органдары** саласына жатады. Учаскелік инспектор ең алдымен тұрғындармен жұмыс істейді. Өзі жауап беретін мекенде немесе шағын ауданда заң бұзушылық пен құқық бұзушылықтың алдын алуға барлық күш - жігерін салады.

Учаскелік инспектордың басты міндеттері:

- азаматтардың өмірі мен саулығын қорғау;
- кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссиямен тығыз байланыста болу;
- •тұрғындардың арыз-шағымдарын тексеру;
- **қоғамдық тәртіп** сақтауларын қамтамасыз ету;
 - тұрғындарға қажетті кеңес беру;

- көпшілік іс шаралар өтетін жерлерде тәртіп сақталуын қадағалау;
- жеке, мемлекеттік және басқа да жекеменшік нысандарын қорғау;
- заң бекіткен шеңберде заңды және жеке тұлғаларға олардың **құқықтары мен заңды мүдделерін** қорғауға көмек көрсету.

Учаскелік инспектор тергеушінің тікелей көмекшісі болып саналады, қылмысты анықтау және зерттеу барысында көмек көрсетеді. Учаскелік инспектордың азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда алатын орны ерекше. Учаскелік инспектор атқарушы биліктің өкілі болып табылады, сондықтан әр азамат оның заңды түрде айтқанын орындауға міндетті.

Учаскелік инспектор өз қызметінде мына қағиданы ұстанады: адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, заңдылықты, ізгілікті қадірлеу. Шешуі қиын мәселелері бойынша басқа да мемлекеттік органдарымен, өзін өзі басқару органдарымен, қоғамдық бірлестіктермен, еңбек ұжымдарымен кеңеседі.

Тапсырмалар:

- 1. Мәтінді оқыңыз, аударыңыз.
- 2. Берілген тіркестерді пайдаланып, тақырып бойынша сұхбат құрыңыз.

Өзімді таныстыруға рұқсат етіңіздер – Разрешите представиться ...

Бұл пәтерге қашан орналастыңыздар? – Когда вы заселились в эту квартиру?

Үйдің (пәтердің) иесі кім? – Кто является владельцем дома (квартиры)?

Жеке куәлігіңізді көрсетіңіз – Предъявите удостоверение личности.

Жұмыс орныңыз – Ваше место работы?

Отбасы жағдайыңыз? – Ваше семейное положение?

Жұбайыңыз қай жерде жұмыс істейді? – Где работает Ваш супруг (-a)?

Қайдан қоныс аудардыңыздар? – Откуда переехали?

СТН және ӘЖК рәсімделіп пе еді? – Оформлены ли РНН и СИК?

Жаңа мекен – жайға тіркелдіңіздер ме? – Прописались ли по новому адресу?

Үй кітапшасын көрсетіңізші – Покажите, пожалуйста, домовую книгу.

Қанша адам тіркелген? – Сколько человек прописано?

Тұрғындарға қызмет көрсету орталығы – Центр обслуживания населения.

Сізді қайдан табуға болады? – Где вас можно найти?

Кол кою – Расписаться.

Мөр басу – Поставить печать.

Тәртіп сақтау – Соблюдать порядок.

Мезгілсіз уақытта – Во внеурочное время.

Көршілеріңіз қандай адамдар? – Какие у Вас соседи?

- 1. Мәтіндегі жай сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз.
- 2. Қарамен жазылған сөздермен сөйлем құраңыз.
- 3. Мәтін бойынша сұрақ жауап құрастырыңыз.
- 4. Тақырыпқа қатысты пікіріңізді білдіріңіз.

Қорғаушы қызметі

Егемен еліміздің мақсаты – мемлекет құру. Заңсыз қоғам болуы мүмкін емес. Сондықтан қоғамымызда қорғаушылардың міндеті ерекше. Әрбір қорғаушы Қазақстан Республикасының "Адвокатура туралы" заңы мен басқа заңдарды басшылыққа ала жұмыс істейді. Қорғаушылардың мекемелерге, өндіріс орындарына халыққа көрсететін қызметі үлкен, көмегі зор.

Қорғаушы заң кеңесшісі ретінде мекемелердің, өндіріс орындарының, жеке кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың басшыларына қабылданған заңдарды түсіндіріп береді. Оларды дұрыс пайдалану жолын көрсетеді. Сондықтан қорғаушы заңның әр саласын толық және жақсы меңгеруі керек. Азаматтарға қорғаушы кеңес беріп, тиісті құжаттарды толтыруға көмектеседі.

Сөздік

басшылыққа алу – руководствоваться қабылданған заңдар – принятые законы кеңес беру – консультировать

қорғаушы – адвокат

құжаттар толтыру – составить докумен-

ТЫ

тия

жеке кәсіпорындар – частные предприя-

міндет – обязанность

меңгеру – владеть өндіріс орындары – производс

өндіріс орындары – производственные места

тиісті құжаттар – необходимые документы

толық меңгеру – усвоить полностью

Тапсырмалар:

- 1 Мәтінді оқыңыз, аударыңыз, мазмұнын айтыңыз.
- 2 Жай сөйлемдерден шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем жасаңыз.
 - 3 Сұрақтарға жауап беріңіз.

Республикамыздың қорғаушылары халқымыздың мүддесін қорғайды ма?

Қорғаушы сот процесінде айыпталушыны қорғайды ма?

Қорғаушы өз қызметінде заңға жүгіне ме? Қылмыскердің ауыр қылмысын ақтау қорғаушының міндетіне кіре ме?

- 4. Мақал-мәтелдерді аударыңыз, оларды қолданып әңгіме құраңыз.
 - ✓ Бұра сөйлеме, тура сөйле.
 - ✓ Бірліксіз істе береке жоқ.
 - ✓ Ұры кісі басқа кісінің малын жейді, өзінің арын жейді.
 - ✓ Ұры ұрлығын қойса да, ұры аты қалмайды.
 - ✓ Ұрлағанды тыққандар ұрыдан бетер кінәлі.
 - ✓ Ақиқаттың алдында хан да бір, қара да бір.
 - ✓ Адамды алдау арыңның алдында қылмыс,
 - ✓ Ағаңды алдау анаңның алдында қылмыс.
 - ✓ Тура биде туған жоқ, туған биде иман жоқ.
 - ✓ Өлімнен ұят күшті.
- 5. Мына сөйлемдерге керекті сөздерді қолданыңыз.
- 1. «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» бағдарламасы бойынша оқу-жаттығуының ерекшелігі терроризм мен экстремизмге қарсы біріккен күштер ...
- 2. Американдық жауынгерлер үлкен көлемде есірткі заттарын жымқырып бара жатқан ... қолға түсірді.
- 3. Түсті металдарды көп мөлшерде заңсыз экетіп бара жатқан баукеспелердің
- 4. АҚШ пен Қазақстанның әскери дәрігерлері облыс жұртшылығына тегін әрі шұғыл дәрігерлік
- 5. Оннан астам ауыр хирургиялық операция ...

Керекті сөздер: өз өнерлерін көрсету, қатысу, өту, жасалу, көмек көрсету, қылмыс-керлер, жолын кесу.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қарабаева Қ. Қазақ тілі. Тәртіп сақшыларына арналған оқу құралы. Алматы, 2008.
- 2 Мұхамадиева Н. К. Қазақ тілі. Алматы, 2006.
- 3 Нурмагамбетов Р.Г., Айткалиева А.С. Казахско-русский, русско-казахский терминологический словарь для юристов. Костанай: Костанайский филиал ЧелГУ, 2008.
- 4 Оразов К.Ж., Жандосов М.М. Русско-казахский толковый словарь по современной юриспруденции. – Алматы, 2007.

Резюме

Статья посвящена актуальной проблеме обучения казахскому языку. Автор рассматривает значение государственного языка в подготовке будущего специалиста.

Conclusion

The article is devoted to the research of the topical problem of teaching the state language. The author defines the status of the state language in preparing the future specialist.

СВОБОДА «ВНУТРЕННЯЯ» И «ВНЕШНЯЯ»

Бондаренко Ю.Я.

Нельзя освободить человека больше, чем он свободен изнутри

А.И. Герцен

Один из важнейших аспектов проблемы свободы – это проблема «свободы внешней» и «свободы внутренней» и возможностей самореализации. Под «свободой внешней» в широком смысле этого слова мы интуитивно понимаем такие обстоятельства, при которых человек имеет возможность действовать в соответствии со своими волеизъявлениями и внутренними потребностями. О чем же тогда идет речь, когда говорится о «свободе внутренней», и насколько и каким образом она может быть связана со «свободой внешней» и насколько автономна по отношению к ней? Справедливо или нет кредо древних о том, что можно быть свободным в оковах и рабом на троне? И если справедливо, то в какой мере? Приступая к размышлениям над этим, хотелось бы отметить, что понятие «внутренней свободы» неразделимо связано с понятием «свобода воли», которое, например, во «Всемирной энциклопедии философии» определяется как «способность человека к самоопределению в своих действиях» [1].

Другое, более развернутое определение: «Свобода воли – способность человека быть самостоятельной личностью в определении своих намерений, целей, поступков, исходя из собственного мировоззрения, рационального усмотрения» и ценностей [2].

Знаменитый французский автор XVII в. Жан де Лабрюйер писал о свободе в целом так: «Свобода – это не праздность, а возможность свободно располагать своим временем и выбирать себе род занятий; короче говоря, быть свободным — значит не предаваться безделью, а самолично решать, что делать и чего не делать...», добавляя при этом: «Какое великое благо такая свобода!»

Любопытно, что и толкование, и практическое применение этих и аналогичных им по духу и, казалось бы, совершенно однозначных суждений может быть далеко не однозначным, особенно, если речь заходит о представителях различных культур, что, например, с легкой иронией блестяще иллюстрирует А. Мелихов в своем новом романе «И нет им возлаяния».

«... Шарлотта, – рассказывает он, – шаркая галошами по степной горячей пыли, довела меня до кирпичного, совершенно по-родственному повествуя до чего ей не понравилось в Германии, – чистота такая, что плюнуть некуда, сорвала яблочко на обочине, так ее пилили-пилили, надо-де дождаться, когда поспеют, а тогда уж выйти всем городком...».

«Свободы у них нет», – завершила она, что тут же подтвердил Стаська: «Хорошая у нас страна, послали проволоку искать – теперь до звонка свободен» [3].

Заметьте: и в этих мимолетных житейских суждениях речь, по сути, идет о том же самом, о чем писал Лабрюйер: о том, чтобы самолично решать, что делать (рвать или не рвать свободно висящее яблочко), и о возмож-

ности располагать своим собственным временем: пошел искать проволоку — «и до звонка свободен». Правда, навряд ли и Лабрюйер, и его остепененные исследователи могли предположить **такую** интерпретацию свободы и несвободы. Так что же такое — та свобода, да еще тогда, когда мы пытаемся осмыслить соотношение свободы внутренней и свободы внешней?

Начнем наше собственное рассмотрение этих проблем с вопроса о тех пределах, которые может ставить или не ставить «свободе внутренней» «свобода внешняя». Мировая художественная культура, равно как и видящаяся сквозь ее призму мировая история, дает нам множество примеров поразительной свободы духа и человеческого мужества, сохраняемых и даже крепнущих в самых «бесчеловечных» обстоятельствах. Это – и внутренняя сила раба Эзопа, и внутренняя свобода отправляемых на смерть первых христиан, и независимая мысль Яна Гуса и Джордано Бруно, и те молодогвардейцы, которые сами выбрали и прошли до конца выбранный ими драматический путь, и многие, многие другие, вплоть до сына Суворова - генерала, который погиб в реке, пытаясь спасти своего кучера.

Эти и множество иных историй гласят, что и в рабской неволе, и в темнице, и перед угрозой мучительной гибели либо в иных, не менее драматичных обстоятельствах находились люди, способные демонстрировать свободу внутреннюю не только при ограничении, но даже, казалось бы, при полном отсутствии свободы внешней. Но свидетельствует ли это о том, что проблема оказывается решенной путем простого укрепления личной силы духа?

Пожалуй, не все так просто. С одной стороны, вполне возможны внешние ограничения, которые оставляют простор для полета души и мысли. Так, для автора этих строк одними из самых свободных во всей жизни были часы, когда во время армейской службы приходилось по двое суток проводить в сопках, охраняя огромные склады боеприпасов. Казалось бы, самый жесткий распорядок дня: два часа на посту, два часа сна и два часа в караулке — и так 48 часов, и при этом поразительная внутренняя свобода!

С другой стороны, всякие ли внешние ограничения оказываются совместимыми со свободой внутренней? Одно из самых потрясающих видений этой проблемы мы встречаем

в чеховской «Палате № 6». Вспомним страшную внутреннюю эволюции главного персонажа этой повести – провинциального врача Андрея Ефимовича Рагина – достаточно образованного человека, физически сильного. Страдая от внутренней пустоты и неудовлетворенности и своим делом, и жизнью провинциального городка, он тянется к беседам с одним из своих пациентов, признанным душевнобольным. Мысли Андрея Ефимовича логичны и пропитаны мужественным духом античной, и прежде всего, стоической философии. Философии, которая уже тысячи лет назад учила, что следует искать опоры не в мире, а в самом себе. Почему? Да потому, что мир чужд логики и сантиментов. Когда больной интеллигент Иван Дмитриевич напористо вопрошает зашедшего к нему в палату врача, почему же именно его держат взаперти в больнице, тогда как «десятки, сотни сумасшедших гуляют на свободе», то Андрей Ефимович рассудительно отвечает: «Нравственное отношение и логика тут не причем. Все зависит от случая. Кого посадили, тот сидит, а кого не посадили, тот гуляет, вот и все. В том, что я доктор, а вы душевнобольной, нет ни нравственности, ни логики, а одна только пустая случайность» [4].

Что же при этом делать больному, который и бежать из своего узилища не может? «Успокоиться на мысли», что его пребывание в больнице необходимо: «Раз уж существуют тюрьмы и сумасшедшие дома, то должен же кто-то сидеть в них». К тому же наступит время, когда не будет ни решеток, ни халатов. В ответ на это больной с издевкой восклицает: «Воссияет заря новой жизни..., восторжествует правда... Я не дождусь, издохну, но зато чьи-нибудь правнуки дождутся. Приветствую их от всей души и радуюсь за них!.. [4].

Однако доктор остается невозмутимым и обращается к больному, который в свое время и в университете учился, что тогда было далеко не столь частым делом, как ныне: «Вы мыслящий и вдумчивый человек. При всякой обстановке вы можете находить успокоение в самом себе. Свободное и глубокое мышление, которое стремится к уразумению жизни, и полное презрение к глупой суете мира — вот два блага, выше которых никогда не знал человек. И вы можете обладать ими, хотя бы вы жили за тремя решетками. Диоген жил в боч-

ке, однако он был счастливее всех царей земных» [4].

В ответ на это больной собеседник доктора восклицает, что этот Диоген был болваном. Когда же при новой встрече разговор возобновился, Иван Дмитриевич, ограниченный стенами палаты номер шесть, мечтательно произносит: «Теперь бы хорошо проехаться в коляске куда-нибудь за город, потом вернуться домой в теплый, уютный кабинет и и полечиться у порядочного доктора от головной боли... Давно я не жил по-человечески. А здесь гадко! Нестерпимо гадко!»

Сколько раз и в критической литературе, и на учебных занятиях упоминалась и препарировалась эта чеховская «Палата № 6». Но попробуем вновь внимательно проследить за развертыванием разговора, ибо здесь очень четко подмечены с точки зрения мыслителя и художника острейшие грани одной из самых жизненно значимых человеческих проблем. Доктор Рагин в ответ на сетования пациента философически продолжает: «Между теплым уютным кабинетом и этою палатою нет никакой разницы. Покой и довольство человека не вне его, а в нем самом.

- То есть как?
- Обыкновенный человек ждет хорошего или плохого извне, то есть от коляски или кабинета, а мыслящий от самого себя.
- Идите и проповедуйте эту философию в Греции, где тепло и пахнет померанцем (возражает больной $\pmb{W.F.}$), а здесь она не по климату. С кем это я вчера говорил о Диогене? С вами, что ли?
 - Да, вчера со мной.
- Диоген не нуждался в кабинете и в теплом помещении, там и без того жарко. Лежи себе в бочке да кушай апельсины и оливки. А доведись ему в России жить, так он не то что в декабре, а в мае запросился бы в комнату. Небось, скрючило бы от холода.

Нет, холод, как и вообще всякую боль, можно не чувствовать. Марк Аврелий сказал: «Боль есть живое представление о боли: сделай усилие воли, чтоб изменить это представление, откинь его, перестань жаловаться, и боль исчезнет». Это справедливо. Мудрец, или проще говоря, мыслящий, вдумчивый человек, отличается именно тем, что презирает страдание; он всегда доволен и ничему не удивляется».

Собеседник возражает, утверждая, что человек по самой своей природе — чувствующее существо, учение же стоиков было для богатых и тех, для кого все есть, и у него нет будущего.

Так кто же прав в этом споре? В повести Чехова ответ дает сама жестокая и неприкрашенная жизнь: когда врач сам оказывается на больничной койке, причем в той же самой палате, он в буквальном смысле слова погибает, не вынеся унижения и физической боли.

Касаясь этой же проблемы, но используя иные примеры, современный российский философ М.А. Секацкая пишет: «Можно, конечно, рассуждать, что, к примеру, и связанный Сократ может оставаться хозяином своих желаний и, следовательно, быть внутренне сво-«интуитивно понятно, бодным. Но утверждение «Сократ свободен, даже когда связан» это словесный трюк: физическая несвобода, оставляя место только свободе желания, устраняет возможность сделать выбор и повлиять» на ход событий. Таким образом, «есть ситуации, когда физическая свобода и есть собственно свобода, и в любой ситуации она составляет необходимое условие повлиять на ход событий» [5, 85].

В абсурде же с одним антрактом, поставленном немецким театром РК по пьесам известного польского автора Славомира Мрожека, автора, не понаслышке знакомого с кульбитами свободы в XX веке, мы встречаем гротескную сцену - ситуацию с ограничением внешней свободы. Два совершенно разных человека, оказавшиеся в замкнутом пространстве, из которого они не могут выйти, и мало того, их возможности действовать все более и более ограничиваются. Один из персонажей утверждает, что он все равно чувствует себя внутренне свободным и поэтому искать выход ни к чему, другой же, наоборот, стремится действовать. Но в итоге, несмотря на различие в характерах и внутренних установок, оба испытывают практически одинаковые ограничения своей внешней свободы. Некой надличностной силе, вихрь которой замкнул их во всесужающееся пространство свободы действий, нет дела до внутреннего мира и самоощущения тех, кто оказался втянутым в водоворот событий [6].

И разве не были такими водоворотами – воронками мировые и гражданские войны и

похрустывающие по костям и нервам людей масштабные преобразования?

Были. И в «абсурде» Мрожека рассуждения о внутренней свободе - лишь попытка совершить бегство от непостижимой и надчеловеческой реальности, изменить которую человек оказывается не в силах. Но попробуем взглянуть на проблему иначе: не как на вопрос о свободе и несвободе либо вопрос о возможности свободы как таковой, а как на вопрос о комбинации элементов свободы и несвободы либо ограничений определенного рода, то есть проблему симбиоза различного рода более или менее жестких детерминаций человеческого существования и даже самого внутреннего мира человек - и возможностей личного варьирования собственными внутренними силами и направлением их вовне.

Предваряя это вынужденно эскизное рассмотрение, хотелось бы вспомнить, что и так называемая «внешняя» свобода не монолит, а, скорее, слоеный пирог, включающий, в частности, свободу политическую, экономическую и физическую. И для самоощущения конкретных индивидов и даже для целых групп одно совсем не обязательно жестко связано с другим. Например, спортсмена, который в так называемом «тоталитарном» обществе может в полной мере реализовать свои возможности, будут мало волновать декоративность элементов политической системы и т.д., так как они не будут ограничивать его практическую свободу самореализации. Более того, ограничения в одних сферах могут вести к перенаправленности вектора желаний и внутренней энергии. В личностном плане акцентирование внимания на такой возможности мы встречаем в адлеровской концепции гиперкомпенсации, в социокультурном плане, в подмеченном еще советскими исследователями сочетании политических ограничений в России последних десятилетий XIX века и взлета культуры, подъема научной мысли, связывавшегося с тем, что творческая энергия направлялась в те сферы, где было меньше внешнего давления. В советские же годы, мы, к примеру, видели, взлет космонавтики, с одной стороны, и «оттепельной» и более поздней поэзии – с другой.

Сказанное отнюдь не означает, что те или иные варианты политических, экономических или физических ограничений не способны ограничить «внутренний», творческий

потенциал индивида, представителей социальной группы или социума, если только речь не идет о пределе, обрисованном в чеховской «Палате № 6». Проблема очень сложна, и требуется развернутый анализ разнообразных комбинаций внешних «вызовов», стимулов и ограничений с учетом их количественных и качественных параметров и так называемой «внутренней» свободы. Так, определенное ограничение потоков информации, контактов и сфер деятельности может приводить и к особой концентрации внутренних, духовных сил, будь то еще пастушок Мухаммед, Пушкин в дни Болдинской осени или обитатель тюремной одиночки, где, по известному образному выражению, ограничение в пространстве обменено на время – время для движения мысли, не обремененной мелкими заботами.

Но, с другой стороны, и наличие политических, юридических и иных формальных свобод может сочетаться с нарастающей внутренней несвободой. Так, согласно исследованиям в России, где появилось свыше 50 миллиардеров и около ста тысяч «валютных миллионеров, заработков 50 млн. едва хватает на обеспечение минимальных норм питания, а еще «20 млн. страдают от голода» [7].

Совершенно очевидно, что, когда внимание человека сосредотачивается на выживании его самого и его семьи, веер возможных вариантов выбора, а вместе с тем и круг интересов – круг внутренней свободы сужается. Не менее, как показывает практика, а подчас еще более круг внутренней свободы, свободы мысли, фантазий, творческих устремлений сужается абсурдистской бюрократизацией многих сфер творческой деятельности, и прежде всего образования. У учителя, педагога, вынуждаемого заполнять бесконечное количество бумаг и электронных форм, следить за нескончаемо меняющимися циркулярами и т.д., и т.п., пространство внутренней свободы становится все более и более ограниченным: его ум, его душа поглощаются отчетами, формами и «механическими», по своей сути, видами деятельности, которые, подобно старинной барщине, оставляют очень мало времени и сил на собственно свободную творческую деятельность. Таким образом, то, что кажется удобным для чиновников, оказывается убийственным для творческого потенциала целых социальных групп и, следовательно, небезопасным для поддержания жизнеспособности определенных культур и этносов.

Совершенно естественно, что в такой небольшой статье невозможно очертить все основные грани проблемы, тем не менее, представляется уместным обратить внимание на ряд ее аспектов, требующих самого серьезного и развернутого рассмотрения.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Всемирная философская энциклопедия. М.: АСТ, Минск: Харвест, 2001. Статья М.А. Можейко.
- 2 Новейшая философия. Словарь. Ростов-на-Дону: Феникс, 2006.
- 3 Мелихов А. И нет им воздаяния // Новый мир. -2012. -№2.

- 4 Чехов А.П. Повести и рассказы. М.: Олимп ППП, 1993.
- 5 Секацкая М.А. Этические идеалы, логические ограничения и проблема свободы // Вопросы философии. 2012. № 2.
- 6 Степанянц М.Т. Культура как гарант российской безопасности // Вопросы философии -2012. №1.

Түйін

Мақала философиялық ізденіс пен көркемдік мәдениет жағынан «ішкі», рухани, «тыс» еркіндік жайлы сан сырлы мәселесіне арналған.

Conclusion

The article is devoted to the multifaceted problem of internal and external spiritual freedom in the light of philosophical surveys and culture.

ҒҰНДАРДЫҢ ТАРИХИ - ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ

Ерманова С.Б.

Біздің заманымыздан бұрынғы бірінші мыңжылдықта қалыптасқан тайпалар одағы бірі – ғұндар, хундар-түркі халықтарының ататегі. Ғұндарды әр елде, түрлі замандарда түрліше атап келгені мәлім. Мәселен, қытайлархусюңгу, гректер-хойвол, латын тілінде сөйлетіндер – unni, Батыс елдері-huns, орыстар-хунну, түркі халықтары күн,хұн,ғұн деп атаған.

Ғұн тайпалары б.з.б. үшінші ғасырдың соңына қарай бір орталыққа бірігіп, ғұндар ордасын-ғұндар мемлекетін құрды. Аса қуатты, жақсы қаруланған, соғыс өнеріне жетік әскер қалыптасты.

Алғашқы кезеңде ғұндар Байқал көлі өңірін, Моңғолияны, Қытайды, Шығыс Түркістанды мекен етті. Б.з.б. 2 ғасырда қазіргі Батыс Қазақстан жерінде ғұндар ордасы пайда болды. Ғұндар ордасы Еділ мен Жайық өзендері аралығында орналасқан еді. Ғұндардың дәстүрлі құқық жүйесі болды. Бұл құқық жүйесі бойынша мынадай мәселелер көзделген деуге болады: «Ұрлық жасап, кінәлі болған адамның жері алынады. Шайқаста жаудың басын шауып алған немесе оны тұтқынға алған адамға бір кеспек шарап сыйланады, қолға түсірілген олжа соған беріледі, ал тұтқынға алынғандар соның құлдары мен күндері етіледі. Ұрыс даласында қаза тапқан адамның сүйегін кім әкелсе, оның отбасының бүкіл мүлкін сол алады».

«Ғұндар» беретін келе-«түркілер» деп аталып кетті. Бұл сөз-«күшті», «сұнғақ бойлы», «салт атты жауынгер» деген ұғымдарды білдіреді.

Ғұндар-түркі тайпасының арғы атасы екенін қытай тарихынан аударған ғалымның бірі-Абел Ремюза. Хун-гун-екеуі бір сөз,ескі дәуірдегі ғұндардың түрік екенін ең алғаш айқын суреттеген-академик.

Ғұндар мәдениеті мен әдебиеті түркі халықтарының арғы ата-бабалары саналатын ғұндардың біздің заманымыздан бұрынғы бірінші мыңжылдықтың өзінде-ақ төл жазуы, эдеби тілі, жоғары мәдениеті, сан салалы ғылымы, сәулет өнері, металл қорыту, қару-жарақ жасау кәсібі болғанын дәлелдейтін көптеген ғылыми еңбектер жазылды. Ал ғұн тілі көптеген бері зерттеліп келеді. Бір қатар ғалымдар (Р. Штилф, В.Ф. Миллер, В.Г. Васильевский, В.В. Радлов, Л.Н.Гумилев т.б.) ғұндардың тілі көне түркі тілі деген пікірге саяды. Содай-ақ олар Шығыс Азиядағы ғұндар мен кейінірек Еуропаға қоныс аударған ғұндар бәрі бір текті – түркі – моңғол нәсілінен екенін айтады.

Ғұндардың Еуропада құрған мемлекеті, яғни «Батыс ғұн империясы бүкіл адамзат мәдениетінің тарихында өзіндік із қалдырды. Зергерлік өнердің ерекше дамыған түрі – полихрома стилін алғаш батыс ғұн зергерлері

салған. Олардың полихрома стилімен жасалған бұйымдары әлемнің талай музейлерін безендіріп тұр. Батыс ғұн империясында алтыннан жасалған 92 экспонат Санкт-Петербургтегі Эрмитажда сақтаулы. Цирк өнеріне қатысты ат үсті ойындарының негізін ғұндар салған. Олар мұны өзімен бірге Еуропаға алып барды. Ғұндар Еуропада баспана ретінде төрт доңғалақты арба үстіне орнатылған киіз үйлерді пайдаланған. Ғұндардың кілемдері мен киіздері түрлі оюлармен өрнектелетін болған. Еуропалық аймақтарда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде ғұндардың ағаштан, қыштан, металдан жасалған ыдыс-аяқтары мен түрлі бұйымдары табылған».

Ғұн тайпаларының ең асыл қазынасы сарухани байлығы-ауыз әдебиеті жайында жазылған зерттеулер жеткіліксіз дәрежеде деуге болады. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы ғұндар дәуірінде өмірге келген түрлі аңыз-әфсаналар, мақал-мәтелдер, тұрмыс салт жырлары, лирикалық өлеңдер және батырлық эпосы әлі күнге дейін толық зерттеле қойған жоқ. Ауыз әдебиетінің бұл үлгілері біздің заманымызға толық күйінде емес, қысқа-қысқа үзінділер түрінде ғана жетті. Ал кейбір батырлық жырларының жалпы сюжеттік желісі ғана сақталып қалған. Бұлар негізінен көне заман тарихшылары Геродот, Ктезий, Поиэн, Харес Митиленскийдің еңбектері арқылы белгілі болып отыр. Өздері орта ғасырда өмір сүрген Табарий, Масуди, Исфахани, Бируни сияқты ғұламалардың кітаптарынан да ежелгі ауыз әдебиетінің ғажайып үлгілерін табуға болады.

Сондай-ақ ежелден сақталып, бүгінгі күнге жеткен көне заман туындыларында ғұндар және олардың ұрпақтары-қыпшақтар жайындағы ауыз әдебиетінің кейбір үлгілері сақталған. Ал біздің жыл санауымыздан көп ғасыр бұрын Еуропаға қоныс аударған дала қыпшақтарының арғы ата-бабалары саналатын ғұндардың ерлікке толы өмірі, тұрмыстіршілігі хақында «Вальтария», «Нибелунгтер туралы жыр» деп аталатын көне герман эпостық жырларында айтылады.

Сонымен, қадым заманның батырлық жырлары да өмірде болған тарихи тұлғаларды, қоғамдық құбылыстарды бейнелейді. Халық өмірінде маңызды рөл атқарған тарихи тұлғалар жайында аңыздар ерекше орын алады.

Ғұн, қыпшақ және қазақ халықтары арасындағы этнографиялық, мәдени байланыстарды жан-жақты зерттеп жүрген ғалым С. Өтенияз ұрпақтар жалғастығы жайында құнды түйіндер жасайды. «Ғұндардың әдет – ғұрпы мен салт-дәстүріндедегі кейбір ерекше түрлерінің бұл күндегі бірден-бір мұрагері – қазақ халқы. Олар: баланы бесікке бөлеуі, жылқының етін жеп, қымызын ішуі,қойдың басын сыйлы қонаққа тартуы. Көшпелі өмір кешкен ғұндардың киіз үйі мен арбасы,бәйге шауып, көкпар тартуы, зергерлік өнері, алаша тоқуы, қару-жақтары, ер-тұрмандары, ыдыс-аяқтары, т.б. қазақтың байырғы тұрмыс-тіршілігін еске түсіреді.

Біздің заманымыздан бұрынғы үшінші ғасырдың соңғы кезінде ғұндардың тайпалары бірігіп, өздерінің мемлекетін құрғаны тарихтан жақсы мәлім. Ғұндар 24 рудан тұрады. Олардың әрқайсысын өз бектері билейді. Ең жоғарғы әміршісін «тәңірқұт»деп атаған. Ғұндар негізінен мал шаруашылығымен айналысқан, сондай-ақ олар кезінде кен қазып, түрлі металдарды қорытуды да білген. Темірден, шыныдан, ағаштан түрлі бұйымдар жасаудың шеберлері болған. Қолөнері мен бейнелеу өнері барынша дамыған.

Ғұндар да сақтар сияқты бір ғана құдайға – Көк тәңіріне, Күнге табынған. Таңертең және кешкісін. Күнге тағзым етіп, оған оқтыноқтын құрбандық шалып отырған. Құрбандыққа жылқы соятынын жоғарыда айттық. Ондағы мақсаты-ең жүйрік жануар саналатын жылқы-адамның тәңірге деген ризалығын Көкке, Күнге тез жеткізеді деп ойлаған. Ғұндар ата-баба рухына сыйынып, оны өздеріне қиын-қыстау сәтте медеу тұтқан.

Ғұндарды кезінде «Күн балалары» деп атаған. Осы орайда қазақтың аса дарынды ақыны Мағжан Жұмабаевтың төмендегі жыр жолдары еріксіз ойға оралады:

Ерте күнде отты Күннен ғұн туған, Отты ғұннан от боп ойнап мен туғам. Жердің жүзін қараңғылық қаптаған, Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!

Г. Дерфердің айтуы бойынша, ғұндар баласын «Кutu» деп атаған. Бұл түркі тіліндегі «Құт» деген сөзбен дыбыстас сөз. Мағына жағынан алғанда да бұл өзінен туған ұрпағын қара шаңырағының құты, байлығы есептейтін ата-баба дәстүріне сәйкес келеді.

Сонымен, ғұндар Қара теңіз жағалауын, Керчь бұғазын, Боспор патшалығын, Рим империясының Паннония аймағын өзіне қаратты. Соның нәтижесінде ғұндардың Еуропа-

да құрған мемлекеті-Батыс ғұн империясы өмірге келді.

Оғыз қаған-ғұндардың көсемі Мөденің әдеби бейнесі деуге болады. Сол себепті Мөденің тарихи тұлғасы туралы бірер сөз айта кетейік. Мөде-ғұндардың атақты билеушісі, патшасы, тәңірқұты. Әкесі Тұман б.з.б. 206 жылы қайтыс болғаннан кейін патша тағына отырады. Мөденің билік жүргізген кезеңі ғұндар мемлекетінің алтын дәуірі саналады. Бұл кезде ғұндар Хань әскерін күйрете жеңіп, оларды «тыныштық және туыстық туралы шартқа» қол қоюға мәжбүр етеді. Бұл шарт бойынша олар енді ғұндарға көп салық төлеуге мәжбүр болды.

Мөде билік жүргізген кезде ғұндар қазіргі Кореядан сонау Тибетке дейін, одан әрі Шығыс Түркістаннан бастап, Алтай өңіріне дейінгі ұлан-ғайыр өлкені түгелдей өздеріне қаратып алған еді. Қытай өзінің «ұлы қорғанын» осы Мөде әскерінен қорғану үшін салған болатын. Алайда «ұлы қорған» ғұндардың тегеурініне төтеп бере алмады.

Сонымен, Мөденің әдеби бейнесіне Оғыз қағанға оралайық. Ол үшін «Оғыз-қаған» дастанына назар аударайық. Бұл дастан Мөденің көптеген өлкелерге жасаған жауынгерлік жорықтарынан елес береді.

«Оғыз-қаған» дастаны белгілі бір тарихи оқиғалардың желісі, сүрлеуі, ізі бойынша жазылғаны анық. Оғыз қағанның анасы – Ай-қаған бейнесін ғалымдар көбінесе дерлік от басының қамқоршысы Ұмай-ана бейнесімен байланысты түрде алып қарастырады.

